

**2025 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығы мерекеленуіне орай
қосымша материалдық көмек көрсету туралы**

Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2025 жылғы 18 наурыздағы № 28/126-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 19 наурызда № 6671-13 болып тіркелді

"Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 17-бабына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2025 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығы мерекеленуіне орай қосымша бір рет материалдық көмек көрсетілсін:

1) Түркістан қаласында тіркелген және тұрақты тұратын, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар адамдарға - 3 500 000 (үш миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде;

2) Түркістан қаласында тіркелген және тұрақты тұратын, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға - 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

3) Түркістан қаласында тіркелген және тұрақты тұратын, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне; екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) – 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

Г. Сарсенбаев